




БИБЛИОГРАФИЯ УЧЕНЫХ КАЗАХСТАНА



АКАДЕМИЯ НАУК
КАЗАХСКОЙ ССР

Абду-Али
Туганбаевич
КАЙДАРОВ



Наидаров

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясына материалдар

ӘБДУӘЛИ
ТУҒАНБАЙҰЛЫ
ҚАЙДАРОВ

ҚАЗАҚ ССР-інің «ҒЫЛЫМ» БАСПАСЫ

АЛМАТЫ • 1984

АКАДЕМИЯ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР

Материалы к биобиблиографии ученых Казахстана

АБДУ-АЛИ
ТУГАНБАЕВИЧ
КАЙДАРОВ

ИЗДАТЕЛЬСТВО «НАУКА» КАЗАХСКОЙ ССР

АЛМА-АТА. 1984

Бас редактор
Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі
З. А. Ахметов

Жауапты редакторлар:

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі *Ж. М. Әбділдин,*
Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі
Ш. Ш. Сарыбаев

Құрастырушылар:

Е. З. Қажыбеков, Ш. Н. Көлбаева, Н. Уәлиев



Главный редактор
академик Академии наук Казахской ССР
З. А. Ахметов

Ответственные редакторы:

академик Академии наук Казахской ССР *Ж. М. Абдильдин,*
член-корреспондент Академии наук Казахской ССР
Ш. Ш. Сарыбаев

Составители:

Е. З. Қажыбеков, Ш. Н. Құльбаева, Н. Уәлиев

О Қ Ы Р М А Н Д А Р Е С І Н Е

Қазақстан ғалымдарының библиографиялары сериясының жалғасы ретінде ұсынылып отырған бұл көрсеткіш Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаровқа арналған.

Библиографияға ғалымның өмірі мен творчестволық еңбегін сипаттайтын мәліметтер, оның өз еңбектері және ол туралы жазылған әдебиет енгізілді.

Көрсеткіш материалдары хронологиялық тәртіппен орналасқан. Әрбір жыл көлемінде әуелі қазақша, орысша, ұйғырша және басқа тілдерде басылып шыққан материалдар алфавит тәртібімен орналас-тырылды.

Қытапша соңындағы еңбектердің алфавиттік және есім көрсеткіштеріне еніп отырған материал мен есім атауларының тұсындағы цифрлар олардың хронологиялық көрсеткішінің тұсындағы рет тәртібін білдіреді.

К ЧИТАТЕЛЯМ

Предлагаемый указатель — продолжение серии библиографии ученых Казахстана — посвящен академику Академии наук Казахской ССР, доктору филологических наук, профессору, заслуженному деятелю науки Казахской ССР Абду-Али Туганбаевичу Кайдарову.

Библиография включает материалы, характеризующие жизнь и деятельность ученого, его публикации и литературу о нем.

Материал в указателе расположен в хронологическом порядке, в пределах каждого года — по алфавиту: сначала идут работы, опубликованные на казахском языке, затем на русском и далее — на других языках.

В алфавитном указателе трудов и именном указателе соавторов ссылки даются на порядковые номера работ, помещенных в хронологическом указателе трудов.

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ Ә. Т. ҚАЙДАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаров 1924 жылы 13 декабрьде Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы Талдыбұлақ селосында қызметкер семьясында туды.

1939 ж. ВЛКСМ мүшелігіне қабылданды.

1942 ж. Май айында қазақ орта мектебінің 9-классы мен 10 айлық педагогика курсы аяқтаған соң Совет Армиясы қатарына шақырылды.

1942—1945 жж. Ұлы Отан соғысына қатысты. Калинин, I Прибалтика, II Белорус майдандарында болды.

1944 ж. III дәрежелі Данк орденімен наградталды.

— I дәрежелі Отан соғысы орденімен наградталды.

1944—1945 жж. Ленинградтағы Жданов атындағы әскери-инженерлік училищеде оқыды.

1945 ж. Екі мәрте Қызыл жұлдыз орденімен, «1941—1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Москваны қорғағаны үшін» медальдарымен наградталды.

1946 ж. Совет Армиясы қатарынан босатылды.

1946—1947 жж. Еңбекшіқазақ аудандық әскери комиссариаты әкімшілік-шаруашылық бөлімінің бастығы болды.

1947 ж. Есік қаласындағы қазақ орта мектебінің 10-классын экстерн бітірді.

1947—1951 жж. С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің қазақ бөлімі студенті.

1951—1954 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы Ұйғыр-дүнген мәдениеті секторының («ұйғыр тілі» мамандығы бойынша) аспиранты.

1954—1958 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы Ұйғыр-дүнген мәдениеті секторының кіші ғылыми қызметкері.

1955 ж. «Қазіргі ұйғыр тіліндегі қос сөздер» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

1956 ж. Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесі берілді.

1958—1959 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы Шығыстану секторының аға ғылыми қызметкері.

1959—1961 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының Ұйғыр филологиясы бөлімінің меңгерушісі.

1961—1963 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институты директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары.

1962 ж. КПСС мүшелігіне қабылданды.

— «СССР халықтары әдеби тілінің совет дәуіріндегі дамуының мәселелері» атты Бүкілодақтық конференцияға қатысты (Алматы қаласы).

1963—1967 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институты жанындағы Ұйғыртану бөлімінің меңгерушісі.

1964 ж. «Түркі тілдері» мамандығы бойынша аға ғылыми қызметкер.

1965 ж. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Қазақ мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі.

— «1941—1945 жж. Ұлы Отан соғысының жеңісіне жиырма жыл» медалімен наградталды.

1966 ж. «СССР халықтары әдеби тілінің стильдік жүйесінің дамуы» атты Бүкілодақтық конференцияға қатысты (Ашхабад қаласы).

— Түркі тілдері диалектологиясы мен тарихы бойынша өткен аймақтық конференцияға (Малов дәрісі) қатысты (Москва қаласы).

1967—1978 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары.

1967 ж. «Совет Армиясы мен Әскери-теңіз флотына 50 жыл» медалімен наградталды.

1967—1980 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының «Түркі тілдері» мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғаудың мамандандырылған советінің председателі.

1967 ж. Қазақ ССР Ғылым академиясының филология ғылымдары бойынша біріккен советінің мүшесі.

1968 ж. Қазақ совет энциклопедиясының тіл білімі жөніндегі редакциялық советтің мүшесі.

1970 ж. «Ерлік еңбек үшін. В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» арналған медальмен наградталды.

— «Ұйғыр диалектілері және әдеби тілдің диалектілік негізі»

деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады және филология ғылымдарының докторы деген ғылыми дәреже берілді.

1971 ж. «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» (Алматы: «Ғылым», 1969 ж.) монографиясы үшін география және қоғамдық ғылымдар саласы бойынша Ш. Ш. Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлыққа ие болды.

— Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталды.

1972 ж. «Түркі тілдері» мамандығы бойынша профессор атағы берілді.

— Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды.

— Ономастардың XI Халықаралық конгресіне қатысты (София қаласы).

— «СССР-дің құрылуына 50 жыл толуы — КПСС-тің лениндік ұлт саясатының салтанат құруы» атты Республикааралық ғылыми-теориялық конференцияға қатысты (Алматы қаласы).

— «СССР-дегі социалистік құрылыстың тәжірибесі және оның халықаралық маңызы» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға қатысты (Ташкент қаласы).

— Алтаистика жөніндегі интернационалдық тұрақты конференцияның (ПИАК) Вена қаласында (Австрия) өткен XV сессиясына қатысты.

1973 ж. Түркологтардың советтік комитетінің мүшесі.

— Шетелдермен достық және мәдени байланыс жөніндегі Қазақ қоғамы басқармасының мүшесі.

— Түркі тілдерінің диалектологиясы бойынша өткен VII аймақтық конференцияның жұмысына (Малов дәрісі) қатысты (Алматы қаласы).

1974 ж. «Социалистік ұлттардың өркендеуіне байланысты ұлт тілдерінің даму заңдылықтары» атты Бүкілодақтық ғылыми советтің мүшесі.

— ВАК-тың Эксперт комиссиясының мүшесі.

1976 ж. 27—29 сентябрьде Алматыда өткен II Бүкілодақтық түркология конференциясына қатысты.

1977 ж. «Ұлы октябрь — XX ғасырдың ұлы уақиғасы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияға қатысты (Алматы қаласы).

1978 жылдан Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының директоры.

— Қазақ ССР Ғылым академиясы Қоғамдық ғылымдар бөлімі бюросының мүшесі.

— «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы» журналы бас редакторының орынбасары.

1979 ж. 29—31 майда Бүкілодақтық ұйғыртану конференциясына қатысты (Алматы қаласы).

— Түркологтардың советтік комитеті Бюросының мүшесі.

1980 ж. III Бүкілодақтық түркология конференциясының жұмысына қатысты (Ташкент қаласы).

— Түркі тілдерінің тарихы мен диалектологиясы бойынша өткен аймақтық конференцияның (Малов дәрісі) жұмысына қатысты (Новосибирск қаласы).

1981 жылдан. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институты жанындағы «Түркі тілдері» мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғаудың мамандандырылған советінің председателі.

— Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының лексикология бөлімінің меңгерушісі.

— «Социалистік ұлттардың өркендеуіне байланысты ұлт тілдерінің даму заңдылықтары» атты Бүкілодақтық ғылыми советтің бюро мүшесі.

1982 ж. Түркі тілдерінің тарихы мен диалектологиясы бойынша өткен XI аймақтық конференцияның жұмысына қатысты (Уфа қаласы).

— Совет-венгер достығы қоғамы Қазақ бөлімшесі басқармасы председателінің орынбасары.

— «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағы берілді.

— 1982 жылдан. С. М. Киров атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ мемлекеттік университеті қазақ тілі кафедрасының профессоры.

1983 ж. «Тіл білімі» мамандығы бойынша Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі (академик) болып сайланды.

— Элеуметтік лингвистиканы зерттеушілердің Кишинев қаласында өткен Халықаралық симпозиумының жұмысына қатысты.

1984 ж. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Қазақ мемлекеттік терминология комиссиясы председателінің орынбасары болып бекітілді.

— «Білім және еңбек» журналы редакция алқасының мүшесі.

— Шетелдермен достық және мәдени байланыс жөніндегі Қазақ қоғамының «Бүгінгі советтік Қазақстан» атты бюллетені редакция алқасының мүшесі.

**ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ
АКАДЕМИКА АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР
А. Т. КАЙДАРОВА**

Абду-Али Туганбаевич Кайдаров родился 13 декабря 1924 г. в селе Талды-Булак Эңбекши-Казакского района Алма-Атинской области Казахской ССР в семье служащего.

1939 г. Принят в члены ВЛКСМ.

1942 г. После окончания 9 класса казахской средней школы и десятимесячных педагогических курсов был призван в ряды Советской Армии.

1942—1945 гг. Воевал на Калининском, I Прибалтийском и II Белорусском фронтах Великой Отечественной войны.

1944 г. Награжден орденом Славы III степени.

— Награжден орденом Отечественной войны I степени.

1944—1945 гг. Учеба в Ленинградском военно-инженерном училище им. Жданова.

1945 г. Награжден дважды орденом Красной Звезды, медалями «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941—1945 гг.», «За оборону Москвы».

1946 г. Демобилизован из рядов Советской Армии.

1946—1947 гг. Начальник административно-хозяйственной части Эңбекши-Казакского райвоенкомата.

1947 г. Экстерном окончил 10 класс казахской средней школы в г. Иссыке.

1947—1951 гг. Студент казахского отделения филологического факультета Казахского государственного университета им. С. М. Кирова.

1951—1954 гг. Аспирант Сектора уйгуро-дунганской культуры АН КазССР по специальности «уйгурский язык».

1954—1958 гг. Младший научный сотрудник Сектора уйгуро-дунганской культуры АН КазССР.

1955 г. Защитил кандидатскую диссертацию на тему «Парные слова в современном уйгурском языке».

1956 г. Присуждена ученая степень кандидата филологических наук.

1958—1959 гг. Старший научный сотрудник Сектора востоковедения АН КазССР.

1959—1961 гг. Заведующий Отделом уйгурской филологии Института языкознания АН КазССР.

1961—1963 гг. Заместитель директора по научной работе Института языкознания АН КазССР.

1962 г. Принят в члены КПСС.

— Участник Всесоюзной конференции по вопросам развития литературных языков народов СССР в советскую эпоху (г. Алма-Ата).

1963—1967 гг. Заведующий отделом уйгуроведения при Институте языкознания АН КазССР.

1964 г. Старший научный сотрудник по специальности «тюркские языки».

1965 г. Член Казахской государственной терминологической комиссии при Совете Министров Казахской ССР.

— Награжден медалью «Двадцать лет победы в Великой Отечественной войне в 1941—1945 гг.»

1966 г. Участник Всесоюзной конференции «Развитие стилистических систем литературных языков народов СССР» (г. Ашхабад).

— Участник региональной конференции по диалектологии и истории тюркских языков (Маловские чтения) (г. Москва).

1967—1978 гг. Заместитель директора по научной работе Института языкознания АН КазССР.

1967 г. Награжден медалью «50 лет Советской Армии и Военно-морского флота».

1967—1980 гг. Председатель Специализированного совета Института языкознания АН КазССР по защите кандидатских диссертаций по специальности «тюркские языки».

1967 г. Член объединенного совета по филологическим наукам АН КазССР.

1968 г. Член Редакционного совета по языкознанию Казахской советской энциклопедии.

1970 г. Награжден медалью «За доблестный труд в ознаменование 100-летия со дня рождения В. И. Ленина».

— Защитил докторскую диссертацию на тему «Уйгурские диалекты и диалектная основа литературного языка». Присуждена ученая стелень доктора филологических наук.

1971 г. За монографию «Развитие современного уйгурского литературного языка» (Алма-Ата: Наука, 1969 г.) удостоен премии им. Ч. Ч. Валиханова в области географических и общественных наук I степени.

— Награжден Почетной грамотой Верховного Совета Казахской ССР.

1972 г. Присвоено звание профессора по специальности «Тюркские языки».

— Избран членом-корреспондентом АН КазССР.

— Участник XI Международного конгресса ономастов (г. София).

— Участник Межреспубликанской научно-теоретической конференции «50-летие образования СССР — торжество ленинской национальной политики КПСС» (г. Алма-Ата).

— Участник Международной научной конференции «Опыт социалистических преобразований в СССР и его международное значение» (г. Ташкент).

— Участвовал в работе XV сессии Постоянной международной алтаистической конференции (ПИАК) в г. Вене (Австрия).

1973 г. Член Советского комитета тюркологов.

— Член правления Казахского общества дружбы и культурной связи с зарубежными странами.

— Участвовал в работе VII региональной конференции по диалектологии тюркских языков (Маловские чтения) (г. Алма-Ата).

1974 г. Член Всесоюзного научного совета «Закономерности развития национальных языков в связи с развитием социалистических наций».

— Член Экспертной комиссии ВАК.

1976 г. Участник II Всесоюзной тюркологической конференции, проходившей 27—29 сентября 1976 г. в г. Алма-Ате.

1977 г. Участник республиканской научно-теоретической конференции «Великий Октябрь — главное событие XX века» (г. Алма-Ата).

С 1978 г. директор Института языкознания АН КазССР.

— Член Бюро Отделения общественных наук АН КазССР.

— Заместитель Главного редактора журнала «Известия Академии наук Казахской ССР. Серия филологическая».

1979 г. Участник Всесоюзной уйгуроведческой конференции. 29—31 мая (г. Алма-Ата).

— Член Бюро Советского комитета тюркологов.

1980 г. Участвовал в работе Всесоюзной тюркологической конференции (г. Ташкент).

— Участвовал в работе «Маловских чтений» — X региональной конференции по истории и диалектологии тюркских языков (г. Новосибирск).

С 1981 г. Председатель Специализированного совета по защите докторских диссертаций по специальности «Тюркские языки» при Институте языкознания АН КазССР.

— Заведующий отделом лексикологии Института языкознания АН КазССР.

— Член бюро Всесоюзного научного совета «Закономерности развития национальных языков в связи с развитием социалистических наций».

1982 г. Участвовал в работе XI региональной конференции по диалектологии и истории тюркских языков (г. Уфа).

— Заместитель председателя правления Казахского отделения общества советско-венгерской дружбы.

— Удостоен почетного звания «Заслуженный деятель науки Казахской ССР».

С 1982 г. профессор кафедры казахского языка Казахского ордена Трудового Красного Знамени государственного университета им. С. М. Кирова.

1983 г. Избран действительным членом Академии наук Казахской ССР по специальности «Языкознание».

— Участвовал в работе Международного симпозиума социолингвистов в г. Кишиневе.

1984 г. Утвержден заместителем председателя Казахской государственной терминологической комиссии при Совете Министров Казахской ССР.

— Член редакционного совета журнала «Білім және еңбек»;

— Член редакционной коллегии бюллетеня «Советский Казахстан сегодня» Казахского общества дружбы и культурной связи с зарубежными странами.

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ Ә. Т. ҚАЙДАРОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ОЧЕРК

Қазақ және ұйғыр тіл білімінің көрнекті мамандарының бірі, белгілі түрколог, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаров 1924 жылдың 13 декабрінде Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы Талдыбұлақ селосында қызметкер семьясында туған.

1939 ж. Ә. Т. Қайдаров Ленин комсомолы қатарына өтеді. 1942 жылдың майында, қазақ орта мектебінің 9-класын және он айлық педагогика курсын аяқтасымен, өз еркімен сұранып майданға аттанады. 1942—1945 жж. ол Ұлы Отан соғысының Калинин, Бірінші Прибалтика және Екінші Белорус майдандарында болады.

1944—1945 жж. Ә. Т. Қайдаров Ленинградтың Жданов атындағы әскери-инженерлік училищесін бітірген соң, Совет Армиясы қатарындағы қызметін кіші лейтенант атағымен одан әрі жалғастыра түседі. Неміс-фашист басқыншыларымен болған ұрыстарда жауынгерлік тапсырмаларды ойдағыдай орындағаны үшін Ә. Т. Қайдаров ІІІ дәрежелі Даңқ (1944), І дәрежелі Отан соғысы (1944), екі мәрте Қызыл жұлдыз (1945) ордендерімен және «1941—1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Москваны қорғағаны үшін», т. б. медальдармен наградталады.

1946 ж. әскер қатарынан босатылған соң, Ә. Т. Қайдаров Еңбекшіқазақ аудандық әскери комиссариаты әкімшілік-шаруашылық бөлімінің бастығы болып істейді. Есік қаласындағы қазақ орта мектебінің оныншы класын экстерн бітіріп, 1947 ж. С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің қазақ бөліміне оқуға түседі. 1951—1954 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясының Ұйғыр-дүнген мәдениеті секторында «ұйғыр тілі» мамандығы бойынша аспирантурада оқиды.

Осы кезеңнен бастап-ақ Ә. Т. Қайдаров Қазақ ССР Ғылым академиясының Ұйғыр-дүнген мәдениеті секторында кіші ғылыми қыз-

меткер, Шығыстану секторында аға ғылыми қызметкер, Ұйғыр филологиясы бөлімінің, Ұйғыртану бөлімінің меңгерушісі, директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, Лексикология бөлімінің меңгерушісі және Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының директоры болып үздіксіз қызмет етіп келеді. 1955 жылы Ә. Т. Қайдаров «Қазіргі ұйғыр тіліндегі қос сөздер» деген тақырыпта кандидаттық диссертацияны ойдағыдай қорғап шықты (бұл еңбек 1958 ж. жарық көрді).

1962 жылы Ә. Т. Қайдаров ҚПСС мүшелігіне өтеді. Осы жылы оның «Ұйғыр тілі мен әдебиеті» атты аннотацияланған библиографиялық көрсеткіші жарық көреді. Ол — ұйғыртанудағы тұңғыш библиографиялық көрсеткіш еді.

1969 ж. ғалымның «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» (Алматы, I-бөлім) атты еңбегі басылып шықты. Бұл — «Ұйғыр диалектілері мен әдеби тілдің диалектілік негізі» деген тақырып бойынша 1970 ж. қорғалған докторлық диссертацияның негізі болатын. Қітапта жалпы халықтық ұйғыр тілінің барлық диалектілік көріністері, сондай-ақ олардың қазіргі совет ұйғырлары мен Шыңжаң ұйғырлары әдеби тілімен қарым-қатынасы жан-жақты қаралады. Мұнда ұйғырлардың халықтық сөйлеу тілі ерекшеліктері, жалпы халықтық тілдің диалектілер мен говорларға жіктелуінің негізгі белгілері мен ғылыми принциптері айқындалып, СССР-де, Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-ұйғыр автономиялы ауданында қолданылатын ұйғыр әдеби тілінің екі түрлі нұсқасының диалектілік негізде нормалану барысы егжей-тегжейлі зерттеледі. Кезінде бұл еңбек туралы белгілі түркологтар баспасөз беттерінде пікір айтып, жақсы лебіз білдірді. 1971 ж. «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» атты монографиясы үшін Ә. Т. Қайдаров география және қоғамдық ғылымдар саласы бойынша Ш. Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлыққа ие болды.

1972 жылы оған профессор атағы берілді және осы жылы ол Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды. 1982 жылы Ә. Т. Қайдаров «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» деген құрметті атаққа ие болды, ал 1983 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланды.

Ә. Т. Қайдаровтың ғылыми зерттеулерінің ауқымы өте кең: тіл тарихы мен этимология, тілдегі сабақтастық пен гомогенді лексикалық комплекстердің эволюциясы, түркі тілдеріндегі қос сөздердің шығу тегі мен қалыптасу ерекшеліктері, есім әрі етістік мағынасында қолданылатын жарыспалы (коррелят) түбірлер немесе, басқаша айтқанда, лексика-грамматикалық синкретизмдер, плеоназмдар мен

плеонастық тіркестер, қазіргі тіл қолданысымызда әрі қарай «бөлшектеуге» келмейтін «өлі түбір» морфемалар үнемі ғалым назарын аударып отырған мәселелер деуге болады. Ол этимологиялық этюдтер мен қазақ, ұйғыр тілдеріндегі жеке лексемалардың ішкі құрылымының фоно-семантикалық реконструкциясына арналған әр түрлі сөздік мақалалар жазды.

Ә. Т. Қайдаров фразеологизмдердің, мақал-мәтелдердің қолданылу мотивтеріне этнолингвистикалық тұрғыда ғылыми түсінік беру проблемасына үнемі көңіл бөліп отырды. Ол фразеологиялық варианттар мәселесін және фразалық тіркестерді таптастырудың ғылыми белгілерін зерттейді; қазақ мақал-мәтелдерінің авторлық-стильдік инварианттарын анықтайды; ұйғырлар арасында айтылатын лақап аттарға, қазақ эпостарында кездесетін қару-жарақ атауларына этнолингвистикалық сипаттама береді. Соңғы жылдары Ә. Т. Қайдаровтың қазақ тілінің этнолингвистикалық лексикасын зерттеу мәселесіне ерекше көңіл бөліп жүргендігін айта кетуге болады. Қазіргі кезде бұл тақырыпқа қатысты аса мол тілдік және теориялық материалдар жинақталды.

Ә. Т. Қайдаров — ономастикалық, фонетика-грамматикалық, орфография мен терминологиялық зерттеулердің де авторы. Әсіресе түркілердің ру-тайпа бірлестігі мен ұлыс (этнос) атауларын тарихи-лингвистикалық тұрғыда баяндайтын этнонимикалық ізденістерін, түркі тілдеріндегі ұқсас әрі дәлме-дәл грамматикалық қатынасты білдірудің әр түрлі тәсілдерін анықтау жөніндегі салыстырма-тарихи зерттеулерін; элизия, эпентеза, метатеза, редукция, сөз формалары деңгейіндегі ықшамдалу фактілеріне талдау жасауын; орфографиялық қарғалардың ғылыми принциптері мен қазақ, ұйғыр терминдерін түзу процестерінің тенденциялары мен заңдылықтарына арналған мақалаларын айрықша сөз етуге болады.

Ә. Т. Қайдаров — түркі-монғол тілдерінің грамматика, фонетика және тірек (базистік) лексика саласындағы байланысын зерттеген бірқатар алтаистикалық еңбектердің авторы екендігі ғылыми жұртшылыққа кеңінен мәлім. Ол алтай семьясына жатқызылып жүрген көне түркі, көне монғол, көне жапон тілдері бойынша түптіл (празык) формаларын салғастыра қарайтын алтаистикалық зерттеулерге ғылыми жетекшілік жасап келеді.

Ә. Қайдаров — Қазақстандағы екі тілділік жағдайында орыс тілінің қызмет етуі мәселесі және бір-бірімен түйістіктегі (контактіндегі) тілдердің барлық деңгейінде (фонетика, лексика, морфология, синтаксисте) байқалатын лингвистикалық интерференция жөніндегі зерттеудің, орыс тілінің республикамыздағы ұлтаралық қарым-қа-

тынас құралы және достық пен туысқандық тілі ретіндегі прогрестік ролі туралы мақалалардың авторы. Әлеуметтік лингвистиканың социалистік қоғамдағы көп тілділік, екі тілділік мәселелері, Қазақстандағы тіл құрылысы мен ұлт тілдерінің дамуы, совет ұйғырлары тілі мен қазақ тілінің өзара әсерінің жеке жақтары ғалым еңбектерінде тиянақты түрде зерттелді.

Ол сондай-ақ «Қазақ тілі» (1973), «Сөздердің структуралық типтері» (1962), «Ұйғыр тілінің грамматикалық очеркі» мен «Ұйғыр есімдері» (1961), «Ұйғыр (жаңа ұйғыр) тілі» (1966), т. б. жекелеген грамматикалық очерктер мен лингвистика ғылымына, оның ішінде түркологияға өзінің еңбегімен елеулі үлес қосқан өткендегі және қазіргі кездегі көрнекті ғылымдардың өмір жолы мен қызметіне арналған мақалалар сериясын жазды.

Ә. Т. Қайдаровтың ғылыми қызметі негізінен түркі сөзформасын, сөз (буын) құрылымын «атомарлық этимология» деңгейінде қарастыратын тарихи лексикология саласындағы зерттеулермен байланысты. Түркі жалаң буындардың табиғатын танудың күрделілігі алдымен сол тілдердің құрылысындағы ерекшеліктермен астасып жатады. Бәлкім, сондықтан болар түбір құрылымы түркология ғылымының ұзына бойы тарихында өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Түркі түбірлерінің құрамы жөніндегі ғалымдардың соңғы жылдардағы зерттеулері бұл проблеманың негізге алынатын принциптері бойынша бірауызды пікірге келуге мүмкіндік бере қоймайтындығын айта кетуге болады. Ә. Т. Қайдаровтың ұзақ жылғы зерттеуінің нәтижесі болып табылатын «Қазіргі қазақ тіліндегі дара буынды түбірлер мен негіздер» (Алматы, «Ғылым», 1985) атты монографиясы (бұл еңбек қазір терілу үстінде) қазақ тіліндегі тірек (базистік) лексиканы айқындауға және фономорфо-семантикалық талдау жасауға арналған. Бұл — осы мәселенің жеке тұстарын, соның ішінде түркі тілдеріндегі белгілі бір түбірлер құрылымының ең бастапқы типтерін, бір буынды морфемалар модификациясының көне түрін, жалаң буынды гомогендер қатарының семантикалық өзгерісіндегі дәйектілік пен фоно-морфологиялық эволюциясын айқындай түседі. Түптүркілік реконструкцияны автор, негізінен, қазақ тілі деректерін «өңдей» отырып жасайды. Бұл, шын мәнінде, қазақ тілінің толық этимологиялық сөздігін жасауға теориялық дайындық болып табылады.

Ә. Т. Қайдаров көптеген ғылыми-ұйымдастыру жұмысы мен қоғамдық қызметтер атқаруда. Ол — Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы председателінің орынбасары, Қазақ ССР Оқу министрлігі Оқу-методикалық советінің

Ұйғыр секциясының председателі, Түркологтардың советтік комитетінің, СССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының «Социалистік ұлттардың өркендеуіне байланысты ұлт тілдерінің дамуы» атты Бүкілодақтық ғылыми советінің, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының жанындағы Заң шығару жөніндегі терминологиялық комиссиясының, Қазақ ССР Ғылым академиясы Қоғамдық ғылымдар бөлімі бюросының мүшесі, Қазақ совет энциклопедиясының тіл білімі жөніндегі редакциялық советінің, «Білім және еңбек» журналының редакция алқасының мүшесі, «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы» журналы бас редакторының орынбасары, Шетелдермен достық және мәдени байланыс жөніндегі қазақ қоғамы басқармасының мүшесі, Совет-венгер достығы қоғамы қазақ бөлімшесі басқармасы председателінің орынбасары, Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтындағы Ғылыми советтің председателі, «Қазіргі қазақ тілінің даму заңдылығы» жөніндегі ғылыми кеңестің бюро мүшесі, «Түркі тілдері» мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғаудың мамандандырылған советінің председателі.

Ә. Т. Қайдаров «СССР халықтары әдеби тілінің совет дәуіріндегі дамуының мәселелері» атты Бүкілодақтық конференцияның (1962 ж.), «СССР халықтары әдеби тілінің стильдік жүйесінің дамуы» атты Бүкілодақтық конференцияның (1966 ж.), «СССР-дің құрылуына 50 жыл толуы — ҚКСС-тің лениндік ұлт саясатының салтанат құруы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияның (1972 ж.), Ономастардың XI Халықаралық конгресінің (1972 ж.), «СССР-дегі социалистік құрылыстың тәжірибесі және оның халықаралық маңызы» атты Халықаралық ғылыми конференцияның (1972 ж.), Алтаистика жөніндегі халықаралық тұрақты конференцияның XV сессиясы (1972 ж.), Түркі тілдерінің диалектологиясы бойынша өткен VII аймақтық конференцияның (1973 ж.), II Бүкілодақтық түркология конференциясының (1976 ж.), «Ұлы Октябрь — XX ғасырдың ұлы уақиғасы» атты республикалық ғылыми-теоретикалық конференцияның (1977 ж.), Бүкілодақтық ұйғыртану конференциясының (1979 ж.), III Бүкілодақтық түркология конференциясының (1980 ж.), Түркі тілдерінің диалектологиясы бойынша өткен X аймақтық конференцияның (1980 ж.), Түркі тілдерінің тарихы мен диалектологиясы бойынша өткен XI аймақтық конференцияның (1982 ж.), Әлеуметтік лингвистиканы зерттеушілердің Халықаралық симпозиумының (1983 ж.) т. б. жұмыстарына қатысты. Ә. Т. Қайдаров ғылыми-педагогикалық қызметке, жастарды ғылыми жұмысқа баулу ісіне белсене атсалысып келеді. Оның ғылыми же-

текшілігімен қазақ, ұйғыр, қарақалпақ, хакас және монғол тілдері бойынша оннан астам ғылым докторы мен кандидаттары дайындалды.

Ә. Т. Қайдаров біраз жылдан бері Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде этнология, тарихи лексикология және семасиология курстарынан лекция оқып, студенттердің дипломдық жұмыстарына басшылық жасайды. Ә. Т. Қайдаров республика мектептеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға қызу араласып келеді. Оның редакциясымен Т. Жанұзақовтың «Қазақ ономастикасының очеркі» (1982), О. Нақысоековтің «Қазақ тілі говорларының оңтүстік тобы» (1982), «Түркі ономастикасы» (1984), Л. З. Рүстемовтің «Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері» (1982), Ғ. С. Сәдуақасовтың «Ферғана алқабы ұйғырларының тілі». 1, 2-бөлім (1970, 1976), т. б. еңбектер жарық көрді.

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері Ш. Ш. Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлықтың лауреаты Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаровтың үлкен ғылыми еңбегі мен педагогикалық қызметі ескеріліп, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталды.

*Қазақ ССР Ғылым академиясының
корреспондент мүшесі, филология
ғылымдарының докторы*

*Р. Ғ. Сыздықова
Филология ғылымдарының кандидаты
Е. З. Қажыбеков*

**КРАТКИЙ ОЧЕРК НАУЧНОЙ,
ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ И ОБЩЕСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ
АКАДЕМИКА АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР
А. Т. КАЙДАРОВА**

Абду-Али Туганбаевич Кайдаров — известный ученый-тюрколог, исследователь казахского и уйгурского языков, академик Академии наук Казахской ССР, родился 13 декабря 1924 г. в селе Талды-Булак Энбекши-Казахского района Алма-Атинской области Казахской ССР в семье служащего.

В 1939 г. он вступает в ряды членов Ленинского комсомола; в мае 1942 г. после окончания 9 классов казахской средней школы и десятимесячных педагогических курсов уходит добровольцем на фронт. Воевал на Калининском, Первом Прибалтийском и Втором Белорусском фронтах.

С 1944 по 1945 г. А. Т. Кайдаров учился в Ленинградском военно-инженерном училище им. Жданова, после окончания которого продолжал нести службу в рядах Советской Армии в звании младшего лейтенанта. За выполнение боевых заданий его награждают орденами Славы III степени (1944 г.), Отечественной войны I степени (1944 г.), двумя орденами Красной Звезды (1945 г.) и медалями «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941—1945 гг.», «За оборону Москвы» и др.

После демобилизации в 1946 г. А. Т. Кайдаров работает начальником административно-хозяйственной части Энбекши-Казахского районного военного комиссариата. В это же время он экстерном заканчивает десятый класс казахской средней школы в г. Исыке. В 1947 г. поступает на казахское отделение филологического факультета Казахского государственного университета им. С. М. Кирова, после окончания которого с 1951 по 1954 г. учится в аспирантуре АН КазССР по специальности «уйгурский язык».

После завершения учебы А. Т. Кайдаров работает сначала младшим научным сотрудником Сектора уйгуро-дунганской культуры АН КазССР, затем — старшим научным сотрудником Сектора восто-

ководения; заведующим отделом уйгурской филологии, отделом уйгуроведения, заместителем директора по научной работе и, наконец, заведующим отделом лексикологии и директором Института языкознания АН КазССР. В 1955 г. А. Т. Кайдаров успешно защищает диссертацию на соискание ученой степени кандидата филологических наук на тему «Парные слова в современном уйгурском языке» (издана в 1958 г.).

В 1962 г. А. Т. Кайдаров вступает в ряды КПСС. В этом же году увидел свет первый в уйгуроведении аннотированный библиографический указатель «Уйгурский язык и литература», составленный ученым.

В 1969 г. была издана его работа «Развитие современного уйгурского литературного языка» (Алма-Ата, ч. I), положения ее легли в основу докторской диссертации на тему «Уйгурские диалекты и диалектная основа литературного языка», защищенной в 1970 г. В этой книге рассматривается общенародный уйгурский язык во всех его диалектных проявлениях, исследуются его взаимоотношения с современным уйгурским литературным языком как советских, так и синьцзянских уйгуров. В ней подробно освещены вопросы изучения народно-разговорной речи уйгуров, основные признаки и научные принципы членения уйгурских диалектов и говоров, а также процессы, определившие нормализующую диалектную основу двух вариантов уйгурского литературного языка, функционирующих в СССР и СУАР КНР. Данная работа была отмечена многими тюркологами. В 1971 г. за нее А. Т. Кайдаров удостоен премии им. Ч. Ч. Валиханова в области географических и общественных наук I степени.

В 1972 г. ему присваивается звание профессора, в этом же году он избирается членом-корреспондентом Академии наук Казахской ССР. В 1982 г. А. Т. Кайдарову присуждается звание «Заслуженный деятель науки Казахской ССР», а в 1983 г. он избирается действительным членом Академии наук Казахской ССР.

Круг научных интересов А. Т. Кайдарова широк: внимание ученого привлекают проблемы истории языка, его этимологии, языковой преемственности и эволюции гомогенных лексических комплексов, происхождения парных слов в тюркских языках, природы глагольно-именных корневых коррелятов (тюркский лексико-грамматический синкретизм), плеонастические сочетания и собственно плеоназмы, мертвые корневые морфемы в структуре неразложимых ныне дериватов. Им написаны этюды по этимологии и различные словарные статьи, посвященные фоно-семантической реконструкции внутренней структуры отдельных лексем казахского и уйгурского языков.

Постоянно в поле зрения А. Т. Кайдарова находятся вопросы интерпретации бытования фразеологизмов, пословиц и поговорок в этнолингвистическом ракурсе. Он изучает проблемы фразеологических вариантов и установления научных критериев классификации фразеосочетаний, выявляет авторско-стилевые инварианты в казахских пословицах и поговорках, дает этнолингвистическую характеристику уйгурским прозвищам и названиям доспехов и вооружения воина по материалам казахского эпоса. В последние годы А. Т. Кайдаров занимается проблемой изучения этнолингвистического лексикона казахского языка, аккумулировавшего в себе материальную культуру народа в ее языковой представленности. К настоящему моменту собран большой фактический и теоретический материал по данной теме.

А. Т. Кайдаров является автором ономастических, фонетико-грамматических исследований, орфографических и терминологических работ. В частности, следует отметить этнонимические разработки по историко-лингвистической трактовке названий тюркских родо-племенных объединений и этносов, сравнительно-исторические работы по определению разных приемов выражения схожих и идентичных грамматических отношений в различных тюркских языках, анализ фактов элизий, эпентез, метатезы, редукций, стяжений на уровне словоформы, статьи о научных принципах орфографических канонов, тенденциях и законах развития казахского и уйгурского терминоворочества.

А. Т. Кайдаров — исследователь тюркско-монгольских языковых связей в области грамматики, фонетики и базисной лексики, автор ряда других алтаистических работ, получивших признание в научном мире. Под его научным руководством ведутся алтаистические исследования в плане сопоставления праформ по древним тюркским, монгольским и японскому языкам, входящим, как принято считать, в алтайскую семью языков.

А. Т. Кайдарову принадлежат работы по проблемам функционирования русского языка в Казахстане в условиях казахско-русского билингвизма и ощутимой лингвистической интерференции на всех уровнях контактирующих языков, статьи о прогрессивной роли русского языка в республике как средства межнационального общения народов, языка дружбы и братства. Определенную научную разработку получили в трудах ученого социолингвистические проблемы двуязычия и многоязычия в социалистическом обществе, вопросы языкового строительства в Казахстане и развития национальных языков,

отдельные аспекты проблемы взаимодействия языка советских уйгуров с казахским и др.

Им написаны такие очерки, как «Казахский язык» (1973), «Структурные типы слов» (1962), «Грамматический очерк уйгурского языка» и «Уйгурские имена» (1961), «Уйгурский (новоуйгурский) язык» (1966) и др., серия статей, посвященная жизни и деятельности ученых прошлого и настоящего, внесших значительный вклад в лингвистическую науку, в частности тюркологию.

Научная деятельность А. Т. Кайдарова в основном связана с исследованиями в области исторической лексикологии на уровне «атомарной этимологии» тюркской словоформы, структуры слова (слога). Актуальность вопроса природы тюркских моносиллабов, как известно, обуславливается самим строем тюркских языков. Именно этим, по-видимому, объясняется то, что проблема структуры корня является одной из основных на протяжении всей истории существования тюркологической науки. Следует отметить, что исследования ученых последних лет по вопросу ингредиентности тюркского корня не позволяют прийти к единому мнению по основополагающим принципам данной проблемы. Итогом многолетней работы ученого явилась монография (находящаяся в настоящий момент в печати) «Структура односложных корней и основ в современном казахском языке» (Алма-Ата: Наука, 1985), посвященная выявлению и фоно-морфо-семантическому анализу базисной лексики казахского языка, которая поможет решить отдельные аспекты этой проблемы, в том числе вопросы первичности определенных структурных типов корней в тюркских языках, архаичности тех или иных модификаций односложной морфемы, последовательности семантического движения и фоно-морфологической эволюции гомогенных рядов моносиллабов. Следует отметить, что пратюркская реконструкция осуществляется автором в основном в процессе обработки данных казахского языка, что является, по существу, теоретической подготовкой к созданию полного этимологического словаря казахского языка.

А. Т. Кайдаров ведет большую научно-организационную и общественную работу: он является заместителем председателя Государственной терминологической комиссии при Совете Министров Казахской ССР, председателем уйгурской секции учебно-методического совета Министерства просвещения Казахской ССР, членом бюро Советского комитета тюркологов, Всесоюзного научного совета «Закономерности развития национальных языков в связи с развитием социалистических наций» Института языкознания АН СССР, терминологической комиссии по законодательству при Президиуме Вер-

ховного Совета Казахской ССР, Отделения общественных наук АН Казахской ССР, редакционного совета по языкознанию Казахской Советской энциклопедии, редакционной коллегии журнала «Білім және еңбек», заместителем главного редактора журнала «Известия АН Казахской ССР. Серия филологическая», членом правления Казахского общества дружбы и культурной связи с зарубежными странами, заместителем председателя Казахского отделения советско-венгерской дружбы, председателем Ученого совета и членом бюро Научного совета «Закономерности развития современного казахского языка» и Специализированного совета по защите докторских диссертаций по специальности «Тюркские языки».

А. Т. Кайдаров принимал участие в работе Всесоюзной конференции по вопросам развития литературных языков народов СССР в советскую эпоху (1962 г.), Всесоюзной конференции «Развитие стилистических систем литературных языков народов СССР» (1966 г.), Межреспубликанской научно-теоретической конференции «50-летие образования СССР — торжество ленинской национальной политики КПСС» (1972 г.), XI Международного конгресса ономастов (1972 г.), Международной научной конференции «Опыт социалистических преобразований в СССР и его международное значение» (1972 г.), XV сессии Постоянной Международной алтаистической конференции (1972 г.), VII региональной конференции по диалектологии тюркских языков (1973 г.), II Всесоюзной тюркологической конференции (1976 г.), республиканской научно-теоретической конференции «Великий Октябрь — главное событие XX века» (1977 г.), Всесоюзной уйгуроведческой конференции (1979 г.), III Всесоюзной тюркологической конференции (1980 г.), X региональной конференции по истории и диалектологии тюркских языков (1980 г.), XI региональной конференции по диалектологии и истории тюркских языков (1982 г.), Международного симпозиума социолингвистов (1983 г.) и др.

Много сил отдает А. Т. Кайдаров научно-педагогической деятельности, работе с молодыми учеными. Под его научным руководством подготовлено более десяти докторов и кандидатов наук по казахскому, уйгурскому, каракалпакскому, хакасскому и монгольскому языкам. На протяжении ряда лет А. Т. Кайдаров читает в Казахском государственном университете лекции по этимологии, исторической лексикологии и семасиологии, руководит дипломными работами студентов филологического факультета. Самое деятельное участие принимает А. Т. Кайдаров в разработке учебников и учебных пособий для школ республики. Под его редакцией вышли книги: Джануза-

ков Т. «Очерк казахской ономастики» (1982); Накисбеков О. «Южная группа говоров казахского языка» (1982); «Тюркская ономастика» (1984); Рустемов Л. З. «Арабо-персидские заимствования в современном казахском языке» (1982); Садвакасов Г. С. «Язык уйгуров Ферганской долины», в 2-х частях (1970, 1976) и др.

Большая научная и педагогическая деятельность академика Академии наук Казахской ССР, доктора филологических наук, профессора, заслуженного деятеля науки Казахской ССР, лауреата премии им. Ч. Ч. Валиханова I степени Абду-Али Туганбаевича Кайдарова была отмечена Почетной грамотой Верховного Совета Казахской ССР.

*Член-корреспондент Академии наук
Казахской ССР, доктор филологических наук*

*Р. Г. Сыздыкова
Кандидат филологических наук
Е. З. Кажибеков*

**ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГИ
Ә. Т. ҚАЙДАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕКТЕРІ
ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТ**

**ЛИТЕРАТУРА О ЖИЗНИ И ТРУДАХ
АКАДЕМИКА АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР
А. Т. КАЙДАРОВА**

1. Абдувалиев И. Түркологтордун чоң жыйыны. — Мугалимдер газетасы, 1982, 3 ноябрь.
2. Айнанов Б. Коммунистердің идеялық шындалуы. — Қазақстан коммунисті, 1982, № 10, 74—78 б. [Есть об А. Т. Кайдарове].
3. Амиров Р. С., Талипов Т. Т. Серьезный труд по уйгуроведению: (О кн.: Кайдаров А. Развитие современного уйгурского литературного языка. Алма-Ата, 1969, т. 1). — Изв. АН КазССР. Серия: филол., 1970, № 1, с. 70—72.
4. Аупбаев Ж. Он жетіде от кешкен. — Лениншіл жас, 1975, 22 апр.
5. Әбдіғазиев Б. Лингвистикалық «жедел жәрдем». — Лениншіл жас, 1979, 24 янв.
6. Әбдірахманов А. Этимологиялық сөздік. — Қазақ әдебиеті, 1967, 10 февр.
7. Әдеби тақырыптағы диссертациялар. — Қазақ әдебиеті, 1970, 15 май.
8. Балақаев М., Жанұзақов Т. Ұйғыр тіл біліміндегі күрделі зерттеу. — Соц. Қазақстан, 1969, 20 нояб.

9.
ا. بلبوتايف، غ. انيسوف. جاس توركولوكتار باس
قوستى. — بزدنك وتان، 1983، ج1، يانوار، №2، 2 بهت.

(Белботаев А., Энесов Ф. Жас түркологтар бас қосты. — Біздің Отан, 1983, январь, № 2, 2-б.).

10. Бұйүк әдип хатириси. — Коммунизм туғи, 1983, 14-май.
11. Гарипов Т. На международном форуме языковедов. — Учитель. Уфа, 1983, 14 окт.

12. Doerfer G. (Göttingen). Kajdarov A.: Razvitie sovremenno-go uigurskogo jazyka. I «Nauka» Kazachskoj SSR, Alma-Ata, 1969, 3595. — Orientalistische Literaturzeitung, 68, Jahrgang, 1973, Nr. 11/12, s. 606.

13. Достық, туысқандық, прогресс тілі. — Соц. Қазақстан, 1973, 1 авг. [Есть об А. Т. Қайдарове].

14. Дыйканова Ч., Конкобаев Қ. Встреча ученых в Алма-Ате. — Сов. Киргизия, 1982, 12 нояб.

15. Есенов Қ. Ғалым және мектеп. — Қазақстан мұғалімі, 1974, 25 окт.

16. Есенов Қ. Тұңғыш оқулық. — Қазақстан мұғалімі, 1971, 22 июль.

17. Есенов Қ. Ұйғыр әдеби тілі жайында зерттеу: (О кн.: А. Т. Қайдаров. Развитие современного уйгурского литературного языка, Алма-Ата, 1969, т. 1.) — Жетісу, 1971, 16 июль.

18. Жунусов Д. Уйгурский лингвист. — Заря коммунизма, 1975, 14 янв.

19. Жүнісов Д. Абдуәли Қайдаров — уйғуршунас алим. — Иеңилик авази, 1975, 28-янв.

20. Жүнісов Д. Әбдуәли Қайдаров — ұйғыр тілі маманы. — Жаңалық жаршысы, 1975, 28 янв.

21. Исследование уйгурских диалектов. — Огни Алатау, 1969, 17 сент.

22. Қайдаров Абду-Али Туганбаевич. — В кн.: Милибанд С. Д. Библиографический словарь советских востоковедов. М., 1975, с. 236.

23. Керімбаев Е. Как слово наше отзовется. — Ленинская смена, 1982, 22 дек.

24. Конференция тюркологов. — Сов. Башкирия, 1982, 9 сент. [Есть об А. Т. Қайдарове].

25. Қайдаров Әбдуәли Туғанбайұлы. — Кітапта: ҚСЭ. Алматы, 1975, 6-т., 400-б.

26. Қожабеков Б. Ә. Қайдаров — филология ғылымының докторы. — Соц. Қазақстан, 1970, 3 апр.

27. Қожабеков Б. Білім бұлағы. — Лениншіл жас, 1975, 1 авг. [Есть об А. Т. Қайдарове].

28. Мәшүров С. Дост һәққидә сөз. — Коммунизм туғи, 1983, 30-нояб.

29. Menges K. H. Bücher und Zeitschriftenschau. — Ural-Altäische Jahrbücher, Band 42. Wiesbaden, 1970, s. 302.

30. Накысбеков О. Әліппеден әйгілі ғылымға дейін. — Жетісу, 1979, 15 июль.

31. Нысанбаев А. Цель — эффективность занятий. — Қазақст. правда, 1982, 30 сент. [Есть об А. Т. Қайдарове].

32. Орузбаева Б. О. Ги тюркология кушүә литу вухади жычян гузы. — Шыйүәди Чи, 1970 нян, жыйнүә 27. [На дунганс. яз.].

